**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 қаңтардағы № 62 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 226 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 тамыздағы № 626 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.08.2015 № 626 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Автомобиль көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүруге арналған автокөлік құралдарының рұқсат етілген параметрлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 19 қаңтардағы № 62 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2002 ж., № 2-3, 18-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарымен жүруге арналған автокөлік құралдарының рұқсат етілген өлшемдерінде:

1-тармақтың 1) тармақшасында:

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«екі білікті автобустар 13,5»;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«екі біліктен артық біліктері бар автобустар 15»;

13-тармақтың 3) тармақшасы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«төрт білікті жартылай тіркемесі бар үш білікті тартқыш 44»;

14-тармақта:

8) және 9) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«8) екі еңкулі доңғалақтары бар, біліктерінің саны үштен артық тіркемелер мен жартылай тіркемелер үшін біліктердің арасындағы ара қашықтық:

0,5 метрден 1 метрге дейін 5,5

1 метрден 1,3 метрге дейін 6,5

1,3 метрден 1,8 метрге дейін 7,5

1,8 метрден 2 метрге дейін 8

болғанда, біліктік салмақтардың қосындысы әрбір білікке түсетін жүктемеден аспауы тиіс;

9) бір еңкулі доңғалақтары бар, біліктерінің саны үштен артық тіркемелер мен жартылай тіркемелер үшін біліктердің арасындағы ара қашықтық:

| | |
|---|---|
| 0,5 метрден 1 метрге дейін | 5 |
| 1 метрден 1,3 метрге дейін | 6,10 |
| 1,3 метрден 1,8 метрге дейін | 7 |
| 1,8 метрден 2 метрге дейін | 7,5 |

болғанда, біліктік салмақтардың қосындысы әрбір білікке түсетін жүктемеден аспауы тиіс»;

мынадай мазмұндағы 10) және 11) тармақшалармен толықтырылсын:

«10) екі еңкулі доңғалақтары бар, біліктерінің саны үштен артық тіркемелер мен жартылай тіркемелер үшін сабақтас біліктердің арасындағы ара қашықтық:

| | |
|---|---|
| 0,5 метрден 1 метрге дейін | 5,5 |
| 1 метрден 1,3 метрге дейін | 6,5 |
| 1,3 метрден 1,8 метрге дейін | 7,5 |
| 1,8 метрден 2 метрге дейін | 8 |

болғанда, біліктік салмақтардың қосындысы әрбір білікке түсетін жүктемеден аспауы тиіс;

11) бір еңкулі доңғалақтары бар, біліктерінің саны үштен артық тіркемелер мен жартылай тіркемелер үшін сабақтас біліктердің арасындағы ара қашықтық:

| | |
|---|---|
| 0,5 метрден 1 метрге дейін | 5 |
| 1 метрден 1,3 метрге дейін | 6,10 |
| 1,3 метрден 1,8 метрге дейін | 7 |
| 1,8 метрден 2 метрге дейін | 7,5 |

болғанда, біліктік салмақтардың қосындысы әрбір білікке түсетін жүктемеден аспауы тиіс».

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК